

Құрметті кітап сүйер қауым!

«Бір ел-бір кітап» акциясында **«Алашорда мемлекетінің 100 жылдығына»** орай **«Жыл кітабы -2017»** таңдауына көрнекті қазақ демократ ақын **Сұлтанмахмұт Торайғыровтың** шығармалары таңдалды.

Сіздерді **Сұлтанмахмұт Торайғыровтың** шығармаларын бірге оқуға шақырамыз.

Ақтөбе облысы бойынша **«Оқитын өлке»** акциясына биыл **2017 жылы**

жерлесіміз, көрнекті қазақ жазушы **Қ.Мұхамбетқалиұлының** **«Қайдасың сен, махаббат»** әңгімелер мен повестер жинағы оқырмандарға ұсынылып отыр.

Бәріңізді кітапханаға шақырамыз!!!

Сұлтанмахмұт Торайғыров (28.10.1893, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы – 21.5.1920, Павлодар облысы Баянауыл ауданы) – ақын, ағартушы.

Торайғыровтың 2 жасында шешесі қайтыс болып, 6 жасына дейін әжесінің тәрбиесінде болған. Кейін әкесі екі ұлымен Баянауылға көшіп, Торайғыр кентіне таяу жерге қоныстанған. Торайғыров алғаш әкесінен ескіше хат танып, 13 жасынан Мұқан, Әбдірахман, Тортай деген молдалардан дәріс алды. Өлеңге үйір, шығыстық сюжеттер негізінде жырлар туындатқан Мұқан молда тәлімінің Торайғыровтың ақын ретінде қалыптасуына игі әсері болғанымен, баянауылдық Әбдірахман молданың (1908) каталдығы, өлең шығарғаны үшін жас қаламгерді жазалауы оның дін мен молдалар жайлы теріс көзқарасының қалыптасуына негіз болған.

- 1911 ж. жаңаша оқыған Нұралы ұстазының көмегімен қазақ, татар тілдеріндегі әдеби кітаптармен, газет-журналдармен танысады. *1912 ж. Троицкідегі Ахун Рахманқұли медресесіне түседі, бірақ мұнда бір жылдай оқыған ол өкпе ауруының зардабынан оқудан шығып қалады. Торайғыров енді медреседе оқуды қойып, орысша оқу іздейді, қала маңындағы елде жаз бойы бала оқытады.
- 1913 жылдың күзінде Троицкіге қайтқан Торайғыров “Айқап” журналына жауапты хатшы болып жұмысқа орналасып, “Өлең нәм айтушылар”, “Ауырмай есімнен жаңылғаным”, “Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан”, “Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?”], т.б. әңгіме, мақалаларын осы журналда жариялайды. Журналда аз ғана уақыт қызмет еткен ақын
- 1914 ж. жазда туған елі Баянауылға оралады. Ел ішінде мәдени-ағарту жұмысын жүргізетін “Шоң серіктігі” деген ұйым ашпақ болғанымен, ісі жүзеге аспады. Осы жылы орысша оқу іздеп Семейге барған Торайғыров дйттеген оқуына түсе алмай, біраз дағдарысқа ұшырайды.
- 1916 жылдың күзіне дейін әуелі Катонқарағайда, кейін Зайсанда болады, орыс тілін үйренеді.
- 1916 – 17 жылдардың қысында Томскіде орысша оқиды. Өмірден көп қағажу көріп қажыған ақын арманына жетіп көңілі көтеріледі. “Шәкірт ойы” өлеңінде “Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды”, “Мұздаған елдің жүрегін жылытуды” армандайды. Осы тұста әлем әдебиетінің классикалық үлгілерімен, саяси кітаптармен танысты.
- 1917 жылғы ақпан айындағы төңкерістен кейін Семейде жаңа құрылған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жұмыстарына қатынасып, “Алаш ұранын” жариялады. Бірақ ауруы асқынып кеткендіктен оқуды да, жұмысты да тастап,

- 1918 ж. сәуірде еліне біржола оралады. Онда Колчак үстемдігінен кейін қайта жанданған совдеп жұмысына араласып, ел шаруаларының дау-шарларын әділ шешуге қатынасты.



Шығармалары:

- Толық шығармалар жинағы Қ-о. 1933;
- Таңдамалы шығармалар А., 1957;
- Избранное А-А, 1958;
- Шығыс 1-2 Торайғыров А., 1987;
- Шығыс 1-2 Торайғыров А., 1993.

«Бір ел-бір кітап» акциясында «Алашорда мемлекетінің 100 жылдығына» орай «Жыл кітабы -2017» таңдауына көрнекті қазақ демократ ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларының ұсынылуына байланысты Қобда аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің іс-шара Жоспары

№	Тақырыбы	Түрі	Өткізілетін мерзімі	Жауаптылар
1.	«Сүлей ақын, сыршыл жас»	Акцияның ашылуы, библиокеруен.	сәуір	Орт.Кітапхана
2.	«Алаш айбыны және азаттық арқауы»	Кітап көрмесі	сәуір	Орт.Кітапхана
3.	«Дүлей ақын, дүлей жыр»	Поэзия кеші	сәуір	Орт.Кітапхана
4.	Алаштың дүлдiл ақыны	Тарихи – танымдық сабақ	сәуір	Орт.Кітапхана
5.	Анкеталық сұрақтар	Акцияны қорытындылау	сәуір	Орт.Кітапхана

Қобда аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Бисекенова Гуля Майыбаевна